

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№48
(970)

Бейсенбі, 24 қараша 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына - 25 Жұлдызды күн

21 қарашадан бастап еліміздің барлық аймақтарында Тәуелсіздіктің 25 жетістігін айғақтайтын жиырма бес жұлдызды күн акциясы бастау алды. «Ұлы Дала Елі – Тәуелсіздіктің

25 негізі» атты мерекелік іс-шара ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірін қамтып, «Мәңгілік Ел» құндылығының айналасында алдағы уақытта мемлекеттің

нығайтын күшейіп, барлық қазақстандықтарды бірлік пен топтасуға шақырады. Әр күннің тақырыбы Қазақстан Республикасының ширек ғасырлық жетістігінің көрінісіне айналмақ.

Ұлы Дала Елі – құндылығымыздың айнасы

Қазақ елі сан ғасырлық жорықтарының нәтижесін көрген күн – Тәуелсіздік атты киелі тұмарды дұшпанына иіп көрмеген алаудауы кәдесіне таққанына да, міне, 25 жыл толып отыр. Осындай ел болып, ұлт болып, ұлыс болып ат шаптырып тойлайтын бұл күннің бастауы ел Тәуелсіздігінің нақты күні болып саналатын 16 желтоқсанға дейін және 25 жылдық мерейтойымыздың құрметіне 25 жұлдызды күн ерекше салтанатты шаралармен есте қалмақ.

Осы орайда 21 қараша күні аудандық Ақан сері атындағы Мәдениет үйінде «Ұлы Дала Елі – Тәуелсіздіктің 25 негізі» атты Ата Заымыз - Конституцияға арналған салтанатты шара болып өтті.



Шарада сөз алған аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров барша айыртаулық жұртшылықты ел тарихындағы айтулы күнмен құттықтап, дамудың дара жолына түскен Қазақстанымызға өркендеу, ал әрбір жанұяға игілік пен береке-бірлік тіледі.

Сондай-ақ, аудан халқын құттықтаған Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Жанат Сәдуақасов, еңбек ардагері Галина Степановская, Бірлестік орта мектебінің директоры Әнуарбек Махметов және «Жас Отан» жастар қанатының мүшесі, Арықбалық орта мектебінің оқушысы Светлана Жури-налар ұлы дала елімен оның халқына барша игіліктерді тіледі.

Жастар атынан сөз алып, мінбеге шыққан Светлана: «Тәуелсіздік! Осы бір-ақ ауыз сөздің аясында бүкіл қазақ халқының өрлігі мен өрлігі, батырлығы мен ақылдылығы, шешендігі мен көсемдігі сыйып кетеді. Тәуелсіздік үшін еліміздің қаншама қайсар жастары жанын құрбан етіп, қасық қанын қиды, ұшса қыран қанаты, шапса тұлпар тұяға таларлықтай көң байтақ жері үшін күресті, сол ұлан-ғайыр даласын жаулардан қорғап қалды. Сондықтан да, Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Дербес ел болуы үшін халқымыз қаншама белес асулардан өтті, адам сенгісіз қиыншылықты бастан кешті екен?..» деп, ел тарихының ауыр шақтарына көз жіберіп, осы күніміздің құны аса бағалы екенін, тіпті егемендігіміз бар байлығымыздың ең асылы екендігін еске салды.

Салтанатты шараның жалғасы облыстық филармонияның эстрадасимфониялық оркестрінің концертін ұласты. Дирижер Сергей Имашбаев бастаған ұжым көрермендерге ерекше мерекелік көңіл күй сыйлап, жұлдызды 25 күннің алғашқы жұлдызын жағуға ат салысты.

Сахнамызда өнер көрсеткен филармония ұжымына аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы жүрек қылын шертер әсем әндері мен адам жанына жылулық сыйлайтын тамаша өнерлері үшін алғысын білдіріп, тығыз өріптестік байланысы үшін филармония ұжымына Алғыс хат табыс етті.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,
Суретті түсірген автор.

Жұлдызы жарық жұлдызды күн

21 қараша күні Арықбалық ауылдық Мәдениет үйінің сахнасында «Ұлы Дала Елі – Тәуелсіздіктің 25 негізі» атты ел Тәуелсіздігіне арналған 25 жұлдызды күн іс-шарасы бастау алды.

Шараға аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров, Айыртау ауданының Құрметті азаматы Анатолий Мигаль және Тәуелсіздіктің құрдасы Арықбалық орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Виктор Дзюба жерлестерін айтулы мерекемен құттықтап, жер бетіндегі барлық жақсылықтарды тіледі. Егемен еліміздің өркендеуі жолында тек бірлігіміз мықты болсын деді.

Шара Арықбалық ауылы мен аудандық Мәдениет үйінің өртістерінің көнцертімен жалғасын тапты.

* * *

Осы күні Ұлы Қазақ Даласына ұлы перзенттерін сыйлаған сырбаз мінезді сұлулыққа тұнған Сырымбет елінде де «Ұлы Дала Елі - Тәуелсіздіктің 25 негізі» атты акция аясында мерекелік іс-шара болып өтті.

Демалыс орталығында өткізілген салтанатты шараға ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Рүстем Дәулетов, ауыл әкімі Дулат Сүлейменов, Сырымбет орта мектебінің мұғалімі Серік Мұхамбеталин, мұражай қызметкері Нұрғұл Құлбаева, фельдшерлік-амбулаториялық пункттің фельдшер-акушері Жанна Әділова сырымбеттік қауымды ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесімен құттықтап, баршаға отбасылық жылылық, береке мен бірлік тіледі.

Өз хабарымыз.

Аудандар ағайындығы артуда (Солтүстікқазақстандықтардың бірлігі мен келісімі)

16 қарашада Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Солтүстік Қазақстан облысының 80 жылдығы аясында Айыртау ауданының делегациясы Мамлют ауданында болып қайтты. Аталмыш акция облыс әкімі Ерік Сұлтановтың бастамашылдығымен облыс аудандарының бір бірімен мәдени мұраны алмасуына үндейтіндігімен қолға алынып отыр.

экономикалық дамуы, қоғамдық және мәдени өмірі жайлы бейне фильм көрсетілді. Содан кейін, Мамлют ауданының аудандық Мәдениет үйінің сахнасы айыртаулық таланттардың таңғажайып шығармашылық шеберлігіне тәнті болды. Түрлі жанрдағы музыкалық туындылар, біздің жеке орындаушыларымыздың мықты дауыстары, би қойылымдары, халық ансамбльдерінің орындаушылық техникалары залдағы көрермендерді бей-жай қалдырмады. Шығармалардың әрқайсысы Отанға деген махаббатқа өріліп,



Мамлютқа келерде айыртаулықтар өздерінің сапарына үлкен жауапкершілікпен қарай білді. Делегация құрамында аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы А. Тастеміров, аудандық мәслихат хатшысы Б. Жанахметов, Айыртау ауданының Құрметті азаматтары Айыртау ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы А. Әбілқайыров, еңбек ардагері А. Мигаль, Айыртау мектеп-интернатының директоры Е. Қалиев, «Құтұзовка-Әліби» ЖШС директоры В. Казаркин болды.

Мамлюттқтардың назарына аудандық Мәдениет үйінің кіреберісінде түрлі көрмелер ұсынылды: жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернатының тәрбиеленушілерінің қолынан шыққан түрлі материалдармен және түрлі техникамен жасалған халықтық қолөнер бұйымдарының көрмесі, ұлттық костюмдердегі қуыршақтар мен балалар қолөнері. Сондай-ақ, Айыртау ауданының төндессіз мәдени-тарихи нысандарының үлгі-сызбалары да көрсетілді.

Мерекелік концерттің алдында Мамлют ауданының тұрғындарына Айыртау ауданының әлеуметтік-

қазақтың байтақ даласына және оның бауырмал халқына алғыс айтуға ұласып, бейбіт, ашық аспанда шат-шадыман ел ретінде өмір сүріп отырғанымызды паш етеді. Концерттік бағдарлама өте жарқын салтанатты, көрермендердің жүрек қылын шертер әсерлі болды. Концерттің соңында Айыртау ауданының әкімі Ағзам Тастеміров мамлюттқтарды ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен және Солтүстік Қазақстан облысының құрылғанына 80 жыл толуымен құттықтады. Ағзам Ахметжанұлы мәдени бағдарламаларды алмасудың солтүстікқазақстандықтарды біріктіруге, қоғамдық келісімді нығайтуға бастайтын бірден бір шара екендігін атап өтті. Аталған шарадан естелік ретінде Мамлют ауданының әкіміне естелік сыйлық пен Алғыс хат табыс етілді.

Өз кезегінде Ерболат Бекшенов Айыртау ауданының делегациясына сапарлары үшін және бай мәдени бағдарламасы үшін алғысын білдірді. Сондай-ақ, Айыртау жерінде де Мамлют ауданының мәдениеті күндері жоғары деңгейде өтеді деген сенім білдірді.

Өз хабарымыз.
Суретті түсірген Ирина БУРКОВСКАЯ.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР



Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің өкімімен кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы қызметіне **Құралай Жарова** тағайындалды.

Құралай Амангелдіқызы 1968 жылы Ақмола облысының Көкшетау қаласында дүниеге келген.

Омбы тұрмыстық қызмет көрсету технологиялық институтын, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен Алматы экономика және статистика академиясын тәмамдаған.

Еңбек жолын 1991 жылы «Сибирячка» ААҚ-да (РФ Омбы қ.) инженер қызметінен бастаған.

2002 – 2003 жылдары «ФПК «SAND ZHAR» ЖШС өнеркәсіптік жобалар жетекшісі болып жұмыс істеді.

2006 – 2010 жылдары «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің өңірлік технологиялық паркі» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК-нің бас маманы, инновациялық-аналитикалық бөлімінің бастығы, директордың инновациялар жөніндегі орынбасары, СҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бас маманы-заңгері қызметтерін атқарған.

2010 – 2013 жылдары СҚО кәсіпкерлік және туризм басқармасының туризмді дамыту және кәсіпкерлікті қолдау бөлімінің басшысы болып жұмыс істеді.

2013 – 2014 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және туризм басқармасы басшысының орынбасары болып қызмет етті.



ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің жауапты хатшысының бұйрығымен Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы болып **Балтабек Жетпісов** тағайындалды.

Балтабек Хамитұлы Жетпісов 1967 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданының Ленин селосында дүниеге келген.

Қарағанды политехникалық институтын «инженер-механик» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1984 жылы Киіз аяқ киім фабрикасында түзеуші болып бастаған.

2004 – 2005 жылдар аралығы «СҚО Жастар ұйымдарының бірлестігі» заңды тұлғалар бірлестігі әскери-патриоттық клубының үйлестірушісі болып қызмет етті.

1992 – 2006 жылдар аралығы – жүргізуші, механик, Облыстық жастар сауда қорының агенті.

2007-2014 жылдар аралығы – Солтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаментінің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау басқармасында бас маман басқарма басшысы.

2014 жылдың қазан айынан осы тағайындауға дейін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары қызметін атқарған.

«25 жұлдызды күн» шарасы

Петропавл қаласында «Ұлы Дала елі – Тәуелсіздіктің 25 негізі» атты 25 жұлдызды күн шарасы салтанатты түрде басталды. Ауқымды республикалық акция Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған.

Іс-шараны ашқан жастар флешмобы мерейтойлық «25» санын құрады. Онда Назарбаев интеллектуалды мектебінің 500-ге тарта оқушысы қатысты.

Салтанатты түрде мемлекеттік әнұран орындалған соң, өңір басшысы Ерік Сұлтанов құттықтау сөз сөйледі. Облыс әкімі жалпыхалықтық мерекенің мәні мен маңызына тоқталды.

«Мемлекетіміз үшін маңызы зор, ұлы мереке – Тәуелсіздіктің 25 жылдығы жалпыхалықтық деңгейде мерекеленуде.

Бүгін біз Қазақстанның егемендік жылдарда жеткен жетістіктері мен табыстарын паш ететін «Ұлы Дала елі – Тәуелсіздіктің 25 негізі» атты 25 жұлдызды күн шарасын бастаймыз.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығында еліміз тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды», - деп атап өтті облыс әкімі.

Аға буын өкілдерінің атынан жиналғандарды еңбек ардагері, облыстың құрметті азаматы Нәлли Иванова құттықтады.

«Петропавл қаласы – Қазақстанның солтүстік қақпасы. Біздің облыс Отанымыздың тарихын талай жарқын беттерге толтырды. Мемлекеттің басты байлығы Ұлы Отан соғысы, Тың игеру, нарықтық экономика жылдарында ерен еңбектің үлгісін көрсеткен халқы, елінің батыр азаматтары. Философтардың айтуы бойынша, өркениетті даму мемлекет байлығымен емес, астығының мөлшерімен емес, халқымен бағаланады. Біздің солтүстікқазақстандықтар бірнеше мәрте мұны дәлелдеп келеді», - деді Нәлли Александровна.

Өз кезегінде жастар атынан Қызылжар ауданының тұрғыны Думан Закирин сөз сөйледі.

«Жастар – болашақтың негізі. Осылай деп Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқан. Біздің жақсы білім алуға, лайықты жұмысқа орналасуға мүмкіндігіміз көп. Бейбіт аспан астында жарқын болашаққа сенімді жоспар құрамыз. Біздің басты байлығымыз – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін қорғауға, сақтауға сөз береміз», - деді Думан Закирин.

Ерік Сұлтанов Думан Закиринге «Солтүстік Қазақстан облысындағы Тәуелсіздік құрдастарының тілегі» кітабын табыстады. Бұл кітап барлық аудан орталықтарына жеткізілетін болады. 25 «жұлдызды күн» ішінде өңір жастары аталған кітапқа өз тілектері мен ләбиздерін жазады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Жиналыс

Кәсіпкерлер палатасы есеп берді

Қарашаның 16 жұлдызында «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалы ғимаратында Солтүстік Қазақстан облысы Кәсіпкерлер палатасының Айыртау аудандық филиалының директоры Данияр Қалымов 2016 жылдың 10 айына арналған филиал қызметі туралы есеп берді.

Есеп беру жиналысына аудан әкімінің орынбасары Аманбек Махметов, Солтүстік Қазақстан облысының аймақтық Кәсіпкерлер палатасының директоры Тұрар Искаков, Солтүстік Қазақстан облысының аймақтық Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Жеңіс Қазиев, Айыртау ауданының прокуроры Болат Бәйменов, Солтүстік Қазақстан облысы аймақтық Кәсіпкерлер палатасының адам капиталын дамыту бөлімінің бастығы Владимир Литвиненко және ауданымыздың бірқатар шағын және орта бизнес өкілдері қатысты.

Жиналыста сөз болғандай, шағын және орта бизнесті дамытуға арналған түрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында аудан, ауыл тұрғындарына өзінің жеке кәсібін ашуға мүмкіндігі бар. Өз бизнесін құрғысы келетіндерге, Кәсіпкерлер палатасы мен прокуратураның бірлесе жұмыс жасауы арқылы көптеген мәселелерді, соның ішінде құқықтық және заңды мәселелерді шешуге болады.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,

Бала тәрбиесіндегі балабақшаның рөлі

Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы - бала. Бала - дербес, жеке тұлға. Бала тәрбиесі өте күрделі үрдіс. Ол ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасатын құбылыс. Бала дегенде ет жүрегі елжіремейтін адам баласы жоқ шығар. Өйткені, ол ата-ананың ақ тілегі, қуанышы. Әрбір жас өркен - елдің ертеңі, ұлттың болашағы.

Басқа ұлт сияқты қазақ халқы да қай уақытта болмасын ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, оған тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, қарастырған.

“Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі” деген ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби ойын әрбір ұстаз, әрбір ата-ана өздеріне қағида ретінде ұстанса - нұр үстіне нұр. Өйткені айналадағы үлкендердің, өзінен ересек балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көңіл күй ерешеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті - бәрі де балаға үлгі өнеге. Бүгінгі балалар тез жетіліп келеді. Олар айналадағы болып жатқан барлық оқиғаларды білгісі келеді. Бала тұлға болып қалыптасуына отбасының тәрбесі аздқ етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның орны ерекше. Себебі, балабақша - балалардың тәрбиесі мен білімінің тең қалыптасатын, шығармашылық мүмкіндіктердің іске асатын ортасы. Бақшада әр бүлдіршінің күнделікті өмірі қуанышты, мәнді болу үшін барлық жағдай жасалған. Балалардың өзіне-өзі қызмет етуі, үлкендерге көмектесуі, еңбектері баланың жеке тұлға ретінде дамуының көрсеткіші болып табылады.

Балабақшадағы тағылымды тәрбиенің негізі: Тәуелсіз Қазақстан Республикасын өркендетке жеткізу жолында келер ұрпақты жоғары мәдениеттілік пен имандылыққа тәрбиелеу. Баланың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді ерте жастан сіңіру, жаңа ғылыми көзқарас қалыптастыру, оқу-әдістемелік еңбектермен қамтамасыз ету, өз болашағына үлкен жауапкершілікпен қарау.

«Бірлесе көтерген жүк жеңіл» демекші, отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастырсақ, ертеңгі болшағымыз яғни, кішкентай бүлдіршіндерімізді, егеменді Қазақстанның құрметті азаматтары мен азаматшалары етіп шығару қатты қиындық тудырмасы белгілі.

Нұргүл МЕНДЫБАЕВА,
«Родничок» ясли – бақшасының тәрбиешісі.

«Елбасы – Тәуелсіздіктің тірегі»

Ел – елде, жер – жерде Азаттығымыздың 25 жылдығын тойлап, түрлі іс – шаралар атқарылуда. Біз, Тәуелсіз Қазақстан жастары да өз үлесімізді қосу мақсатында Егінді – ағаш мектебінде 25 жұлдызды күн аясында тек мектеп оқушылары ғана емес, ауыл тұрғындары болып, жұмыла жұмыс атқарудамыз. Соның бір дәлелі ретінде 21 қараша күні мектеп оқушыларымен «Елбасы – Тәуелсіздіктің тірегі» атты дөңгелек үстел болып өтті.

Өткізу себебіміз, сабағымыз дөңгелек үстел болғандықтан бұл сайыс емес, топтасып жарысу емес, керісінше бір – бірлеріңнің мәліметтеріңмен бөлісіп, өз ойларын ортаға сап, жеке тұлғаның пікірін тыңдап, жылы шыраймен дөңгелек үстелді жақсы дәрежеде, татулықта, бірлесе жұмыс жасау арқылы бүгінгі тақырыптың мазмұнын ашу. «Елбасы – Тәуелсіздіктің тірегі» атты дөңгелек үстелде мына мәселелер бойынша сөз қозғадық.

Қазақстан Республикасы бүгінде Тәуелсіз, демократиялы, зайырлы,



21 қараша күні еліміздің барлық өңірлерінде Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Ұлы Дала Елі – Тәуелсіздіктің 25 негізі» атты іс-шаралар лезі бастау алғаны мәлім. Осы шараның аясында 22 қараша күні «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалы ғимаратында мемлекеттік Рәміздер – Елтаңба, Ту, Әнұранға арналған шара болып өтті.



Шараның мақсаты ескеңең ұрпақты елдіктің нышаны болып табылатын мемлекеттік Рәміздермен таныстыру, олардың қадір-қасиетін айшықтап көрсету, құндылығын бағалауды түсіндіру, сонымен қатар, бейбітшілік пен патриотизмді аса жоғары бағалайтын қайсар рухты қазақтың өткені мен бүгінін және болашағын айқындау. Шараның шымылдығын ашқан ішкі саясат бөлімінің басшысы Жақсылық Жүсіпов қатысушыларға ел Рәміздерінің қысқаша тарихын атап өтті.

Шарада Мемлекеттік Рәміздердің қабылдануы, олардың маңызы, мағынасы туралы бейнефильм де көрсетілді.

Сондай-ақ, мәдениет және тілдірді дамыту бөлімінің басшысы Гүлнәр Өтеулина, ішкі саясат бөлімінің бас маманы Гүлжан Джумапиева баяндама жасады.

Шараның тағы бір ерекшелігі 16 жасқа толған еліміздің жас азаматтарына салтанатты куәлік табыстау рәсімі де

болды. Аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, полиция майоры Шоқан Асқаров куәліктерді табыстады.

Шараның соңында қатысушылар мемлекеттік Рәміздерге қатысты қызықты викториналық ойынға қатысып, сауалнама толтырды.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,
Суретті түсірген автор.

Респонденттер назарына!

«Мемлекеттік статистика туралы» ҚР 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 заңының 17-бабы 2-тармағына сәйкес респонденттер статистикалық байқаулар жүргізу кезінде респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне (бұдан әрі – График) дәйекті алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға міндетті. График ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми сайтында www.stat.gov.kz мекенжайы бойынша «Респонденттерге» - «Жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар» айдарында жарияланады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен (бұдан әрі – ҚРӘҚК) мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді ұсыну тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылған (ҚРӘҚК 497-б.). Сонымен, ҚРӘҚК 497-бабының 1-бөліміне сәйкес мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну – ескерту жасауға әкеп соғады; мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына бастапқы статистикалық деректерді белгіленген

мерзімде ұсынбау – жеке тұлғаларға – 10, лауазымды адамдарға, коммерциялық емес ұйымдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 14, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 20, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 120 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – жеке тұлғаларға – 14, лауазымды адамдарға, коммерциялық емес ұйымдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 20, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 40, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ағымдағы жылғы 10 ай ішінде ҚРӘҚК нормаларына сәйкес СҚО статистика органдарымен 290 әкімшілік іс қозғалды, жалпы 7,1 млн теңге сомасына айыппұлдар салынды.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ішкі саясат басқармасы.

Маман түсініктемесі

Ротавирусты инфекция

Ротавирусты инфекция (РВИ) – гастроэнтерит, дегидратация үлгісі бойынша талаураған белгілерді қосымен АІТ зақымданумен сипаттайтын ротавирустарды қоздыратын қауіпті ішек ауруы.

Этиология: өз атауын вирус «rota» - «доңғалақ» латын сөзінен алды, вирус микроскоптан қысқа сым және және жұқа жиек, жуан төлкесімен, кішкентай доңғалақ тәрізді көрінеді. Бұл ауру әлемде кеңінен таралған. ӘДМ деректері бойынша ротавирусты инфекцияның үлесіне ¼ келеді барлық бактериялогиялық таратып жазылмаған секреторлы диареямен, бұдан былай РВИ вирустық диарея арасында басымдылыққа ие, ал соңғы жылдары бұл аурудың өсімі байқалады.

Инфекцияның көздері және резервуары тек адам болып табылады (ауру немесе тасушы). Жұқтұрған кезден бастап 7-8 күн ішінде зәр, нәжіспен қоздырғышы бөлінеді және 3 аптаға дейін бөлінуі жалғасады.

Маусымдылығы: жылдың қысқы кезеңінде ротавирусты инфекция үшін сырқаттың жорғарылауы тең вирустың жақсы сақталуы температураның төмен болуымен түсіндіріледі.

Клиника: ауру қауіпті басталады, жүрек айнуы, көп құсуы, диареяның пайда болуын бірнеше сағатқа алға жетелейді. Температура 38-39 градусқа дейін жоғарылайды, сирек кейде субфебрилді болады, 2-3 тәулік ішінде ұсталады, интоксикация әдетте жоқ немесе нашар көрінеді. Іштің ауруы тең, эпигастрия, кіндік облысында жиі ауырсынады, жиі іштің көбуі байқалады, ішек шұрылдау. Ротавирусты инфекция бойынша нәжіс мол сары түсті, жағымсыз иіспен көбікті болуы мүмкін.

Нәжістің еселігі аурудың ауырлығынан байланысты: - 5-8-10 рет және көп. Аурудың 60% ротавирусты инфекция бойынша талаураған белгілері байқалады. Аурулар жөтелге, тамақтың жиырылауына, мұрымен тыныс алуы қиын болуына шағымдалады. Осыған байланысты шырышты қабықша түйіршіктілігі, жұтқыншақтың артқы қабырғасы бойынша гиперемия анықталады.

егеменді мемлекет болып отыр. Қазақстан Республикамыздың тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның ел болып танылуында, әлемге өйгілі болуына зор ат салысып, көп еңбек терін төккен адам. Бірақ осы бүгінгі терезесі тең, аспаны ашық құбыласы түгел заманға біз Тәуелсіз Қазақстан жастары қалай қол жеткіздік? Туымыз асқақтап желбіреп тұр. Бір ғана өкініш бар ол азаттық үшін жан аямай алысқан, боздақтардың кейбірінің бүгінгі бақытты сәтімізді

көре алмағаны анық сол боздақтар жөнінде еске алу. «Тәуелсіз» сөзіне сурет салу арқылы сөйлету; «Болашақ біздің көзімізбен» (ой толғау, сурет, өлең шығару)

Осы мәселелер төңірегінде сөз қозғағанда оқушылар өз ойларын айтып бізді таң қалдырған сәттер болды, мәселен «Тәуелсіз» сөзіне сурет салу арқылы сөйлету кезінде ту, шаңырақ, қыран құс, отбасын, көптеген суреттер салды. Туды неге бірінші салдыңдар деген кезде «біздің туымыз ерқашан көкте қалықтап,

желбіреп тұрса өзге елдерге біздің Тәуелсіз екендігімізді білдіреді»-деп өздерінің ұтымды ойларымен, білім, саналы ұрпақтар екендіктерімен танытты.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы баршамызға құтты болсын дей келе мектебімізде 25 жұлдызды күн жоғары дәрежеде өз кезегін бастады.

Диана ЖҮСИПОВА,
Егіндіағаш ОМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ЖОБА

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау ауданы әкімдігінің
Қаулысы

Айыртау ауданы бойынша 2017 жылға ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталауды белгілеу туралы»Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14), 14-1), 14-3) тармақ-шалары, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7,8,9) тармақшалары, 27-бабы 1-тармағының 2), 3), 4) тармақшалары, «Ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау белгіленсін (келісім бойынша):

1 қосымшаға сәйкес ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар;

2 қосымшаға сәйкес бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар;

3 қосымшаға сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар.

2. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды квотаға сәйкес жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша шаралар қабылдасын

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін

4. Осы қаулы оны алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімі А. ТАСТЕМИРОВ
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы «__»_____ № ____ Қаулысына

1 қосымша

Айыртау ауданы бойынша 2017 жылға ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленген ұйымдар тізімдемесі

№ п/п	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (қызметкерлердің тізімдік санының %)	Жұмыс орындарының саны
1	«Айыртау-Алиби» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	146	1	1
2	«Арықбалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150	1	1
3	«Кирилловка-Айыртау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	186	1	1

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы «__»_____ № ____ Қаулысына

2 қосымша

Айыртау ауданы бойынша 2017 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленген ұйымдар тізімдемесі

№ п/п	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (қызметкерлердің тізімдік санының %)	Жұмыс орындарының саны
1	«Дзауров» шаруа қожалығы	41	1	1
2	«Журавка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	52	1	1
3	«Ключи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	92	1	1
4	«Константиновка 2004» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	160	1	1

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы «__»_____ № ____ Қаулысына

3 қосымша

Айыртау ауданы бойынша 2017 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленген ұйымдар тізімдемесі

№ п/п	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (қызметкерлердің тізімдік санының %)	Жұмыс ындарының саны
1	«Арықбалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150	2	1
2	«Дзауров» шаруа қожалығы	41	2	1
3	«Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Қаратал орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	43	2	1
4	«Ключи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	92	2	1
5	«Константиновка 2004» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	160	2	1
6	«Шангал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	15	2	1

Өз дініңе берік бол!

САЛАФИЗМ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНА ЖАТ АҒЫМ

Салафизм – ислам тарихындағы күңгірт дүниетаным заманының туындысы. Бұл өзінше бір, бұғауланған, жәбірленген араб санасы жайынан ақпарат беретін уақыт капсуласы іспеттес. Салафиттердің бастамашысы әрі қозғаушысы шейх ибн Таймия (1263–1328) болды. «Салаф» сөзінің мағынасы «әуелгі бабалар» дегенді білдіргенімен бүгінгі салафиттер мен алғашқы салафилерді бір-бірімен шатастырмаған жөн. Салафиттер, яғни салафизм идеологиясын ұстанушылар, өзара жауласқандықтарына қарамастан негізгі үш қағиданы ұстануға тырысатындығы белгілі. Олар: таухидты (бірқұдайлықты) қатаң ұстану; бидғаттан (дінге жаңалық енгізуден) бас тарту; тақлидке (қандай да бір ислам мектебінің немесе беделді ғалымның ізін қууға) қарсы болу.

Салафитттер дінді ислам әлеміндегі түрлі халықтың этномәдени, тарихи және өзге де ерекшеліктеріне негізделген барлық «жат», «кірме» түсініктер мен тәжірибелерден тазарту жолында жойқын күрес жүргізуді өздеріне мақсат етіп қойған.Салафизм исламдағы барлық жаңалықтан бас тартуды, әуелгі доғмаларға қайта оралып, оның қатаң түрде, дәлме-дәлорындалуын талап етеді. Дамудың кез-келген түріне жол бермеуге тырысады. Біздің еліміз үшін бұндай жол дәстүрлі емес. Бұл жолда біздің ел прогрестен қол үзіп қалу жағдайына душар болатындығы айдан анық.

Салафизм «жиһад» ұғымын бұрмалап, оны қарулы күрес ретінде біржақты ғана тәпсірлейді. Салафиттер бұл күресті барлық мұсылмандардың өмір сүруінің жалғыз, әрі шынайы формасы ретінде қоғамға танытуда. Жиһадтың дәстүрлі мағынасы – өзінің негізгі кем-кетіктеріңмен күресу болып табылады. Әуелден ақ догматизмі мен радикализмі үшін сынға алынған салафиттер Алла мен адам арасындағы кезкелген «дәнекерлікті» жоққа шығарады. Осылайша барлық сүнниттік мәзһабтармен қақтығысқа түседі.

Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттері үшін исламның дәстүрлі формасы қоршаған әлемді интеллектуалдық тұрғыда қабылдауды бағдар еткен ханафиттік мәзһаб пен далалықтардың ата-бабаларына деген киелі қатынасынан бастау алатын «әулиелер» дәстүріне негізделген «түркілік сопылық» екені баршаға мәлім.

Қазақстандықтар үшін қатаң догма мен діни радикализм –жат құбылыс. Қазақ дәстүрінде әрбір адам өзінің шөжіресің кем дегенде жеті атасын білуі тиіс болса, салафиттер қазақтың бұндай салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына (өлген адамға құран бағыштау, аруаққа сену, т.б.) үзілді-кесілді қарсы.

XIII–XIV ғасырлардаараб әлеміндегі салафизмнің дүниеге келуі түркі-моңғол шапқыншылығына қарсы тұру дәуірімен байланысты болды. Олардың аймақтағы, соның ішінде арабтарға үстемдігі XX ғасырдың басына дейін жалғасқан. Салафизмнің екінші және оның қатал ағымының – вахабизмнің – бүрк ете қалуы османдық биліктің кезеңіне тұспа-тұс келеді.

Сол кезде салафизм арабтардың османдықтарға (түріктерге) қарсы ұлт-азаттық қозғалысына және бірігу тенденциясына идеологиялық негіз болды. Оқиғалар желісі көрсеткендей, салафиттердің «түркі» исламына қарсы көтерілісі дін шеңберінен шығып, әскери-саяси сипатқа ие болды. Салафизм Арабиядағы түрік билігіне қарсыараб ұлттық қозғалысының белгісіне айналды. Сауд Арабиясының алғашқы королі Абдель Азиз ибн Сауд (1932–1953) билік басындағылардың алғашқысы болып салафизм идеологиясын қабылдаған болатын. Осылайша, салафизм Сауд Арабиясының үстемислам доктринасы ретінде мемлекеттік жүйенің құрамдас бөлігіне айналды. Арабтар үшін салафизм ел дамуының тарихи үдерісінің нәтижесі болып табылса, қазақстандықтар үшін бұл жағымсыз идеология деп білуіміз қажет.

Өткенге қайта оралуға тырысу, дамуда кенжелеп қалу ерте ме, кеш пе тоқырауға, дағдарысқа, ақыр аяғында ұлттың тарихи жеңілісіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Салафизм және сол іспеттес діни доктриналар Қазақстанның стратегиялық мүддесіне еш сәйкес келмейді. Қазіргі уақытта салафиттердің қазақстандықтарды ғылым мен техниканың жетістіктерінен бас тартып, ескішіліктің көлеңкесінде қалып қояын қалайтындығын ұмытуымыз әбестік.

САЛАФИЗМ АҒЫМЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ҮШІН ҚАУІПТІ

Салафизм идеологиясының ерекшелігі –күнделікті өмірде діни лидерлерге көзсіз көбелектей ілесіп мойынсұну. Мұндай амалдың іске асуыкөпшілікті саяси мақсатта алдап-арбауға мүмкіндік береді. Түп негізінде салафизм идеологиясы саяси мақсаттарды көздеген белгілі бір топтардың идеологиясы болып табылады.

Ислам дінін салафизм идеологиясы тұрғысынан түсіну дегеніміз:

- формализм, яғни мазмұннан гөрі сыртқы форманы қуу. Бұл дегеніміз бүкіл мұсылмандардың өмір сүру салтын унификациялау;
- өзгеше ойлайтындарға деген сабырсыздық. Өздерінің пікірлерімен келіспейтіндерге қарсы зорлық-зомбылықты насихаттау;
- салафизм идеологиясының ұстанымдарына сәйкес келмейтіндермен күресу.

Жиһадты бірінші орынға қою;

- саяси және әлеуметтік қызмет салаларында белсөнділік танытып, психикалық күрес әдіс-тәсілдерін қолдану;
- қоғамды «мұсылмандар» және «мұсылман еместер» деп екіге бөліп қарастыру. Мұсылман жамағатының өзін жікке бөліп, шынайы мұсылмандар деп тек салафизмді ғана мойындау.

Жоғарыда көрсетілген сипаттар исламның ортодоксалды сүннизмінен әлдеқайда өзгеше болып саналады. Теологиялық жағынан қарастырсақта екеуінің арасында айырмашылықтар бар. Мұсылман әлемінде әлеуметтік-саяси мақсаттарды көздеген «фундаменталды» ислами бағыттардың тамырына, шығу-тегіне назар аударатын болсақ, оның негізінде осы салафизм идеологиясына қатыстылықты байқауға болады. Аталмыш бағыттардың жекелеген топтарының радикалдануы бір жағынан халықаралық терроризмнің өршуіне негіз болып отыр. Мәселен, салафиттердің діни көсемдері болып саналатындардың қатарында Араб түбегінен шыққан Ибн Баз, Ибн Усеймин, Ибн Фаузан секілді шейхтердің есімдері бар. Бұл шейхтер салафизм ағымына жатқанымен өздерін Мадхали имамның жақтастарына жатқызып, «терроризммен байланысымыз жоқ» деп мәлімдейді. Нәтижесінде, салафиттердің қатарында жиһадшылар мен тәкфиршілерге жатпайтын «мадхалилер» деген топ пайда болып, уақыт өте келе қоғам арасында «мадхалилікке қатыстылар», олардың діни көзқарастарына қарап, «байсалдылар» деген аталым енді.

«Байсалды салафиттер» әлем бойынша өздерінің қатарын күннен-күнге көбейтуде. Қоғамды «мұсылмандар» және «мұсылман еместер» деп екіге бөлетін идеологтардың қатарында жоғарыда аты аталған «байсалды»деп саналатын салафизм идеологиясының діни көсемдері бар.Бірқатар отандық және шетелдік тәуелсіз сарапшылардың пайымдауынша, әлем бойынша халықаралық деңгейде салафизм идеологиясының ықпалы күн сайын артып келеді.

Шетелде жүрген салафиттердің қатарына қосылған адамдардың арасында ТМД мемлекеттері азаматтарының саны аз емес. Олардың көздеген мақсаттары төмендегідей:

- әлемде орын алып жатқан лаңкестік оқиғалардың салафизм идеологиясына қатыстылығын жоққа шығару;
- қарулы жиһадтың орнына ақпараттық-психологиялық жиһад жүргізу;
- мұсылман және мұсылман емес мемлекет басшыларының сеніміне кіре отырып, халық арасында салафизм идеологиясын емін-еркін наситтау;
- «ислам дінін қорғау» деген ұранмен дінге сенушілерді саяси жанжалдарға киліктіру болып табылады.

Идеологиялық тұрғыдан салафизммен күрес дәстүрлі ислам діни сенімі арқылы жүргізілуі қажет. Зайырлы әрі құқықтық мемлекет болып табылатын Қазақстан салафизм ағымының етек жаюының алдын алу мақсатында заңдық нормаларын күшейтуі тиіс. Салафизм идеологиясы Қазақстан Республикасы аумағында өлі де болса тамырын жайып үлгерген жоқ. Сондықтан, салафизм секілді керағар ағымдарға тосқауыл қою заман әрі заң талабы болып табылады. Оны жүзеге асырудың объективті мүмкіндіктерде баршылық.

ҚҰНДЫЛЫҚҚА
ТОЛЫ ҚҰЖАТТАР

Адам - өмірі тікелей құжаттармен байланысты екені баршаға аян. Шыр етіп дүниеге келген нәрестеге ең алғашқы құжаты – тууы туралы куәлігі жазылады. Сол сәттен бастап адамның іс-қағаздармен байланысты тарихы басталады. Ол дегеніміз адам өміріндегі барлық кезеңдерінде кездесетін құжаттар мұрағатта сақталады деген сөз. Тарихтың бәрі архивтен басталатыны айдай анық. Архив жайында сөз қозғайтын болсақ, оның шеігіндегі құжаттарды топтастыру қоғам өмірінде үлкен қызмет атқарады. Іс қағаздарының саяси, тарихи, құқықтық, экономикалық маңызы зор. Мемлекет, республика, қала, кәсіпорын, ұйым, мекеме тарихын жазғанда іс қағаздары ақпараттық табылмас қайнар көзі бола алады. Мұрағат шеігіндегі құжаттар фактілерді, оқиғаларды, қоғам өмірінің құбылыстарын дәлелдейтін айғақ қызметін де атқарады. Сол себепті кез келген адам дәйекті ақпарат іздеу жолында архивке барады. Осы жерде архивтің атқаратын рөлі өте зор.

Тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен бастап, дәлірек айтқанда, 1998 жылы 22 желтоқсанда Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы Қазақстан Республикасының заңы бекітіліп, бұл заң Қазақстан Ұлттық мұрағаты мен мұрағат қорының тарихының жаңа кезеңі басталғанын дәлелдейді. Осы тарихи кезеңнен бастап біз архив деген сөзді мұрағат деген сөзбен ауыстырып қолдана бастадық, ал қазіргі кезде керісінше, архив деп қолданамыз. Дегенмен атауында өзгерістер болғанымен, архивтегі тарихи маңызы бар ақпараттар өзгермейді. Қазақстан мұрағаттары тарихи кезеңдердің қиындықтарына қарамастан қазіргі таңда Қазақстанның мұрағат қорларында 15 миллионнан астам істі құрайтын құжаттар сақталуда. Ал тарихи құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мұрағаттардың негізгі міндеті болып табылса, ұлттық мұрағат қоры ұлттық құндылық ретінде бекітілген заңмен мойындалған тарихи, әлеуметтік, ғылыми, экономикалық, саяси және мәдени маңызы бар барлық мұрағаттардың, мұрағат қорларының және документалды ескерткіштердің жиынтығы болып табылады. Себебі тарих қана ұрпақтар үндестігін жалғастырып, уақыттар арасындағы өзара байланыстар мен өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді.

Бүгінде еркін қол жеткізуге болатын мұрағат құжаттарын кез келген пайдаланушы өз мақсатында ашық пайдалана алады. Қоғамның білімге деген қажеттіліктері қазір жаңа тасушылардағы ақпараттарды қабылдауға мүмкіндік береді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында шетелдерде Қазақстан тарихына қатысты жазба деректерді іздестірумен айналысатын археографиялық комиссиялар нәтижелі жұмыстар атқарды. Шетелдік мұрағаттар, кітапханалар, ғылыми-зерттеу мекемелерінің сирек қолжазбалар бөлімдерінен іздеп табылған тарихи құнды құжаттардың біраз бөлігінің көшірмелері алынды. Демек, мұрағаттың тарихының зерттелуі бүгінгі күндері өз жалғасын табуда. Уақыт озған сайын мұрағат құжаттарының құндылығы арта түседі. Жалпы мұрағаттану саласындағы дәстүрлі құжаттар кейіннен электронды құжатқа айналғанымен, қағаз жүзіндегі ақпараттар әлде қайда құнды бола бермек. Бірақ заман талабына сай болашақта түгелдей электронды форматқа көшу, өрине өте тиімді. Қазіргі таңда электрондық құжат айналымы жүйесі қарқынды дамып келеді. Ол болса, уақытты үнемдеп, тарихи құнды мағлұматтарға қол жеткізуді, ақпарат алмасуды жеңілдетеді.

Қазірге кезде экономикасы қарыштап алға басқан елдер дамудың жоғары сатысына көтерілуде. Данышпан Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деген екен. Көкжиегімізді кеңейтіп, өзгемен тереземіз тең болу үшін де ғылым-біліммен қарулануымыз керек. Тәуелсіз егеменді еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан-тәнімен сезінуіміз керек.

Мұрағат құжаттары –баға жетпес байлық, мемлекеттің, халықтың асыл қазынасы. Бүгін де, ертең де, ғасырларда да толығы беретін, жазыла беретін тарихтың қайнар көзі. Мұрағат құжатынсыз тарихтың жазылу мүмкін емес. Мұрағат өмірі таусылмас, қоймасы ортаймас, тарих көшімен баяғы заманнан бүгінге дейінгі өмірдің қатпар-қатпар кезеңдеріндегі еліміздің шаруашылығын, экономикасын, тыныс тіршілігін кең түрде айқындайтын тарихи, мәдени ескерткіштерін жеке тұлғалардың өмірін мәңгі жасататын ұлттық тарихи мұраның көзі. Олай болса, «Архив –тарих айнасы» деп жай айтылмаған.

Айыртау аудандық архиві.



Менің Тәуелсіз Қазақстаным!

Тәуелсіздік - тірегім, сен деп соғады жүрегім

«Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып – көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!» (Н.Назарбаев).

Ана құрсағынан шыр етіп дүние есігін ашып, кіндік қаным тамған жерім, менің елім –Қазақстан! Туған жері әр адамға ыстық, алыс кетсең сағынып, келсең мауқыңды басар, жүрегіңді елжіретер бір керемет қасиеті бар. Қазақ елінің Тәуелсіздігін алуы үшін менің ата-бабам аянбай қасық қаны қалғанша күресті, сонымен қатар, желтоқсан көтерлісінің жас құрбандары осы қазақ елінің Тәуелсіздігі үшін бар күшін салып жанын құрбан етті. Талай – талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақстан!

Қазақстан – Тәуелсіз ел. Сол Тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыста өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын .

Біздің қазақ жазушыларымыз да өз батырлықтарымен, батылдықтарымен еліміздің келешегі үшін өлең жырлары арқылы күресе білді.

Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт — сананың мызғымас тірегі, күші, алтын дінгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті. 1991 жыл — еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне 25 жыл да өте шықты.

Тәуелсіздіктің көк туы желбіреп, қазақ халқы қырандай самғап, еркіндікте өз елім, өз жерім деп мақтанып шат-

тануда. Әрине, ол ырыс бұл біздің көмеңгер елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасы емеспе. Мен жаста болсам, оны әбден түсінемін. Менің елім басқа елдермен терезесі теңесіп, қалыспай қарыштап дамып келе жатқан жас мемлекет. Мен сол еліммен бірге жасап қарыштап алға баса беремін. Мен еліммен бірге мәңгі жасаймын. Сол себепті қазақ елі мәңгі жасауы тиіс. Қазақ елінің төрінде Елтаңбасы ілініп, көгінде көк Туымыз желбіреп, кең далада Әнұраны шарықтап ойнағанда, менің елімнен басқа бақытты ел бар ма? -деп басымды тік көтеріп маңғаздана болашаққа нық басамын. Қазақстанның әрбір азаматы осылай мақтануы тиіс. Себебі, менің елім Тәуелсіз және ынтымағы жарасқан Нұрсұлтан Әбішұлының Нұрлы жолына аяғын адаспай анық басқан ел.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік — барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің Тәуелсіздігі — ең алдымен халқымыздың бақыты. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бері мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Қазақстан — қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те, шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу — біздің буынның бағыты болуы тиіс. Қазақ елі мәңгі жасасын дегім келеді, құрметті отандастар! Қорыта келе мен өз шығармамды мынадай өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Таңғажайып атында дәл табылды,
Табылды да, талай жұртқа таңылды.
Туған елім көкке жетті көк Туың,
Сен — Тәуелсіз мемлекеткіс кәдімгі.

Рахметолла ӨМІРТАЙ,
Карасевка ОМ-нің 8 сынып оқушысы.

Тәуелсіздік – тірегім, сен деп соғады жүрегім

Халық болдық ат үстінен түспеген,
Ата-бабам бостандықты түс деген.
Қазір, міне, Тәуелсізбіз, азатпыз,
Еркін халық, сүйген ісін істеген.

Қазағымның кір келтірмей арына,
Ортақ болған қайғы-мұңы, зарына,
Қасиетті Төңіріме мың алғыс
Қайтпас-қайсар батырларым барына.

Бірлікпенен тоқылған зат тозбаған,
Сол туралы Елбасым сөз қозғаған.
Ата-салтын құрметтеген елімде
Адамдықтан әлі ешкім озбаған.

Күні-түні ел ертеңін еледі,
Сөздерімен қуат-қайрат береді.
Болашаққа есік ашқан айқара,
Елбасына алғыс айтқым келеді.

Қауіп емес маған құйың, тасқын да,
Биік-биік белестерден астың ба?
Еш алаңсыз өмір сүріп келемін
Алтын қыран қанатының астында.

Біз көрсеттік бейбітшілік үлгісін,
Батырларға орнатылған мың мүсін.
Бақыттымын: жан айқайдың орнына
Естіп жүрмін сәбилердің күлкісін.

Бұны қалай айтпай кетем мен қиып:

Отыр, міне, айрандайын ел ұйып.
Айтарым бар бабам Асан қайғыға:
Қазақстаным- сіз іздеген «Жерұйық».

Тұр алдымда шабытыма дем беріп,
Туған жерім сары арқасын кең керіп.
Қанаттандық ширек ғасыр ішінде,
Алыптармен тереземіз тең келіп.

Өз дәуірін лайықты ол бастады,
Бар әлемді таң қалдырып тастады,
Жинап алып бір шаңырақ астына
Түрлі ұлттың жүз отыздан астамын.

Дініміз бір - адамдықтың үлгісі,
Тіліміз бір - сөбилердің күлкісі.
Туымыз бір: аспанымнан көгілдір
Жарқырайды бақыт түсі - күн түсі.

Шеттен келсем құшақ жаяр елім бар,
Күн астында гүл жайнаған жерім бар.
Сол жерімнің әуеніне бөленіп,
«Мен бақытты азаматпын!» дерім бар.

О, Отаным, байтақ далам киелі!
Құдіретіңе қызың басын иеді.
Сенде туып, сенде өстім, Қазақстан,
Мен өзіңді шетсіз, шексіз сүйемін.

Аружан ЕСМАТОВА,
Саумалкөл қазақ ОМ-нің
11 сынып оқушысы.

Қазақ тілі

*Анамыздың ақ сүтімен бойымызға
дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл
ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.
Б.Момышұлы*

Тіл - ұлт байлығы. Әр ұлт өз тілін қадірлейді, сыйлайды және болашаққа, келешек ұрпаққа аманат ретінде жеткізіп отырады. Тіл - ғасырлар бойы әр ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілуі арқылы жинақтаған бағасы жоқ мәдени байлығы. Біздің отанымыздың тілі – қазақ тілі. Қазір қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі. Ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілі – республикадан тыс елдерде тұрып жатқан қазақтардың тілі. Қазіргі таңда жер бетінде 13 миллионға жуық қазақтар өмір сүреді.

Қазақ жазуы 1929 жылға дейін араб графикасың, ал1929 жылдан 1940 жылға дейін латын алфавитін қолданған. Одан бері қарай орыс графикасын қолдануда.

1989 жылы “Тіл туралы заң” қабылданып, қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мәртебесін алды. Кейін 1993 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында бекітілді. Мемлекеттік тіл – мемлекеттік рәміздердің бірі болып табылады. Мемлекеттік тіл – Қазақстан Республикасының әрбір азаматынан іс қағаздарды мемлекеттік тілде жазуын талап етеді. Әрбір ұлттық мемлекетте мемлекеттік тіл – ол елдің мақтанышы. Өйткені мемлекеттік тілде мемлекеттік дәрежеде маңызы бар құжаттар жазылады.

... Тіл – қай ұлттың болмасын тарихи мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса сөз болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін пәрыз. Жыл өткен сайын ана тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуде.

Халқымыздың аса бай рухани қазынасы – туған ана тіліміз. Ол – қазақ тілі.

Қазақ тілі - өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы мақамы

– домбыраның күмбір қаққан сазындай. Асқан әуезділігі – шырқап салар әндей. Туған тіл біздің бірінші бақытымыз, бірінші ырысымыз, біз сондықтан “Ана тіліміз” дейміз. Қазақтар “Ананың тілі” деп ерекше құрметтейді. Басқа тілді білу - өрине, мақтаныш. Әйтсе де өз ана тілін аяқ асты етуге болмайды.

Ана тілің – арың бұт,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте, – дейді талантты ақын Қадыр Мырза Әли ағамыз.

Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі не? Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Әр халықтың өзінің ана тілі бар. Тіл – жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым.

Анамның тілі – ардақтым менің. Адамның ата-сы, әкесі мен шешесі сенсің. Сен менің кішкентай кезімде әкем болып мойныңа отырғызып қуандың, ат үстінде алдына алып, мені көкке секірттің. Жел болып кекілімнен сипадың.

Тілім, қазақ тілі менің, адамзатымның тілі, сен менің анам болған кезінде көкірегіме жабысып, теріңнен ақ сүтіңді емдім. Сен менің ағам, інім, әпкем, қарындасым, бауырларым болған кезінде мен сені одан әрмен түсініп, ұғыным келді. Адамзаттың Абай мен Мағжан сынды асқар алыптарын туғызған әкелері мен аналары болған ұлтымыздың тірегі сенсің, туған тілім. Бірақ, менің терім “туған тілім” сен үшін ғана төгілсін, менің өмірім сен үшін ғана өрілсін! Олай болса, ана тілімізді алдымен өзіміз құрметтейік, ардақтайық! Сонда ғана туған тіліміздің туы биіктерде желбіреп тұратын болады...

Қазақ тілі дегеніміз – сол тілді жасаған жасап келе жатқан халықтың өткені, бүгінгісі, болашағы.

Ұстаз мерейі

Заман талабына сай оқу-ағарту ісінде де бір талай өзгерістер енгені белгілі. Сол өзгерістің бірі үштілділік. Заманға сай полимәдениетті тұлға қалыптастыру жолында белсене ат салысып жүрген ұстаздарымыз аз емес. Біздің әңгімемізде арқау еткелі отырған ұстазымыз да осылардың бірі.

Рахымжанова Айнагүл Өтешқызы Қызыл-Өскер орта мектебінде аттай 20 жыл қызмет етіп келеді.Мектебіміздің жоғары білімді, бірінші санатты мұғалімі . Өзіне дейін шет тілін оқымаған ауыл балаларының тілін сындыру ұстазға жеңіл болмағаны анық. Ұстаздықтың қиын да қызықты, ауыр болса да абыройлы өмірі Айнагүл Өтешқызының рухани өсуіне және педагогикалық іс-тәжірибесін шыңдай түсуіне үлкен әсерін тигізді. 20 жыл ішінде талай оқушыны алдынан ұшырып, үлкен өмірге қанат қақтырды. Оқушылары мектепішілік, аудандық, республикалық интернет олимпиадаларға, сайыстарға, ғылыми-зерттеу жобалар сайысына қатысып сертификаттармәң мақтау қағаздарымен марапатталып отырады.Ұстазының жолын қуып, шетел(ағылшын) тілі мамандыған тандаған түлектері бірталай. Мектебіміздің бір оқушысы «Болашақ» бағдарламасы бойынша Еуропалық шетел білім орнынан жоғары білім алып қайтты.Бұл дағы ауылдық шетел тілі мұғалімінің мерейін көтерер еңбегі десек артық айтқандық емес деп ойлаймыз. Ұстаз әрі ана қай баланың болмасын көңілін тауып, ата-анасымен тығыз қарым -қатынаста болуы мұғалімнің өз ісіне берілгендігің, тәрбие ісіне жауапкершілікпен қарауының нәтижесі деп білеміз. Мектеп өмірінде де мұғалімнің ұжымға деген көзқарасы ерекше, әрбіреуіне қол ұшын беруге дайын тұратын ақкөңіл де ақжарқын мінезімен көптің көңілінен шыға біледі.

Бүгінде таңды таңға жалғап, мектепте оқушылармәң, үйде отбасымен берекелі күн кешіп отырған Айнагүл Өтешқызына алғысымыз шексіз. Алдағы уақытта еңбегі жана берсін деп, шығармашылық табыс тілейміз.

Қызылөскер орта мектебінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерінің әдістемелік бірлестік мүшелері

Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға

Дүниеде мың түрлі мамандық бар. Сол сан түрлі мамандықтың ішіндегі ең қиыны, ең жауаптысы жас ұрпақ тәрбиесіне қатысы бар – ұстаздық ету. Ұстаз деген өз бойындағы жақсы қасиеттерің білімін шәкірттің бойына дарытып, аянбай еңбек ететін жандар. Сол жанның бірі – Дауқара орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Әлмағанбетова Зураш Жамантайқызы. Мұғаліміміз мектепте талай жыл жұмыс атқарып, талай шәкірт тәрбиелеп өсірген білікті де, білімді ұстаздарымыздың бірі.

Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға, деп Абай Құнанбайұлы айтқандай, Зураш ұстазымыз да балаға білгенін үйретуден жалықпайды. Әр сабағы жоғары деңгейде өтеді. Ай-наласына шуақ шашып, шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, қиындықтарды тастай домалататын керемет ұстаз. Біздің Зураш ұстазымызға алғысымыз шексіз.

Дауқара ОМ-нің 9 сынып оқушылары.

Әріптес жайлы үзік сыр

Киелі мекен, шеберлік шыңы туралы

Кітапхана – киелі орын, өйткені кітап – жай ғана ақпарат құралы емес, ол – өмір кешу сырын шертетін, оның құпиялы қоймасының кілтін ұсынатын ажайып мекен. Оған кірген адам рухынан байып, өмірге құмартып, шабыттанып, ширеюіп шығатыны тағы бар, таңданып, тамсанып, таңырқап тараптыны да бар. Әйтпөір жақсы жер, жақсы мен жайсаңдар жайвасқан, дархандар мен даналар қол созған, әлемдегі бар ақыл мен парасат түйіскен алаңқай.

Саналы ғұмырын осы бір киелі мекенге арнаған, мен білетін өз мамандығының шебері, Дәуқара ауылдық кітапханасының меңгерушісі Күләш Ілсбекқызы Нұрпейісова. Оңтүстік Қазақстан облысының Көктөбе деген ауылында 1958 жылы дүниеге келген дәл біздің өңір үшін жаралған Күләш, осы мақала келіпкері 1980 жылы Дәуқара ауылына Нұрпейісовтер әулетіне келіп болып түсіп, бөтен ел басқаша дәстүрмен қоса, кітапханашылық мамандықты да меңгеріп әкетеді. Содан бастап кітаппен дос болып, оның қадір-қасиетін терең сезінуге бар өмірін арнады. Күләш Ілсбекқызы – көпшілікті кітап оқуға үгіттеп қана қоймай, оның сақталуына үлкен үлес қосқан жан. Ол екі рет шын мәніндегі кітап жанышары ретінде көріне білді. Кейіпкеріміздің өзінің айтуынша, бірінші рет 1986 жылы алапат өрт кезінде шыбын жанын шүберекке түйіп, жанып жатқан кітапханадан кітаптарды сыртқа шығарып, қаншама кітаптың аман сақталуына үлкен үлес қосса, екіншісі егемендіктің алғашқы жылдары қысқартылып, таратылғалы тұрған кітапханаға демәуші тауып, ауылдық кітапхананы сақтап қалды. Сол жылдары кітап ешкімге керексіз болып, ол тұрған ғимараттар жекеменшікке өте беріп жеті рет орын ауыстырған екен. Сондай қиындықтарға шыдас беріп, өз мамандығына адалдық таныта білген кейіпкеріміз қазір кітап қоры жеті мыңнан асатын ауыл кітапханасының сақталуы мен дамуына үлкен үлес қосқан жан.

Күләш Ілсбекқызы – өз ісінің майталман шебері, оған оның «Өз Қазақстаныңды таны» атты авторлық бағдарлама бойынша жұмыс істейтіні, кітапханада поэзия әуесқойларының облыстық деңгейге танымал «Шабыт» клубы бар екені дәлел. Ауылдық кітапхана болғанымен 2004 жылы облыста «Үздік кітапхана» атағын иеленсе, 2005 жылы Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Гранты иегері атанды, 2007 жылы «Жыл кітапханашысы - 2007» байқауының жүлдегері, «2009 жылдың үздік кітапханасы» байқауының жүлдегері, 2011, 2012, 2014, 2015, 2016 жылдары аудандық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Алғыс хаттары мен Мадақтамаларының иесі атанды. Бұл көрсеткіштер кітапханашының белсенді қызметкер, еңбекқор екендігінің және өз ісінің тындырымды шебері болып көлгендігінің дәлелі.

Күләш Ілсбекқызы сонымен бірге аяулы жар, екі қыз, бір ұл тәрбиелеген асыл ана, үлкен қызы Ардақ Астана ауыл шаруашылығы университетінің оқытушысы, математика магистрі, қызы Алтын Республикалық Президент емхана-сында дәрігер, дәрі-дәрмек резиденті, ұлы Айқын Ақмола облыстық экология департаментінің қызметкері, экология магистрі.

Күләш Ілсбекқызы Нұрпейсованы қараша айының 24 жұлдызында 58 жасқа толуымен және зейнеткерлікке шығуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сол жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесіне көтерді.

Сізге зор денсаулық, мол бақыт, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға шаттық пен береке тілейміз!

Аудандық кітапхана ұжымы.

Қай қоғамда да тіл мәселесі болатыны белгілі. Біздің ұлтта да тіл өзекті мәселе болып отыр. Қазақстанда қазақ тілі –мемлекеттік тіл Солай бола тұрса да бізде қазір көптеген қазақтар үй ішінде, сыртта, қоғамдық орын-дарда орысша сөйлеп, қазақ тілінің сөйлеу өрісін тарыптып, қолданылу аясын әлсіретеді, қазақша сөйлегеннің өзінде шұбарлап сөйлейді. Басты кемшілігіміз – осы.

Қазір көптеген жастар ана тілін дұрыс білмейді. Ауылдық жер-де жақсы, қалалық жерлерде тіл құнарлылығы сұйыла түскен.

Қазақ тілінің жанышары болған сатирик ақын Шона Сымаханұлының бір шумақ өлеңінде осындай жағдайды сипаттайды:

Қазіргінің баласы,

Көп білем деп көкиді.

Әкесінің жазғанын Аудармадан оқиды.

«Ұлттың тілі – ұлттың ділі» демекші, қандай ұлт пен ұлыс болмасын ең басты байлығы – ана тілі. Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып басқа елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы тарихтан белгілі. Сондықтан сан ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болып жатқан сыңдары кезеңде мемлекетіміздің нышаны ана тілімізді бүкіл тіршілігіміздің түп қызығына айналдыру – әрбір ұлтжанды азаматтың басты міндеті.

Ж. ШАХМЕТОВА,
Карасевка ОМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

МЕЛЕБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 28 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 Концерт 7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «СИССИ». Мх. 10:25 «РОБОТКӨЛІК ПОЛИ». Мх. 10:45 «Апта. kz» 11:50 «ДАУА» 12:25 «... Үй болу қиын». Тх. 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!». 14:10 «Келін». Тх. 15:00 «ӘИЕЛ БАҚЫТЫ». 16:40 «Сурайя». Тх. 17:30 KAZNEWS 17:55 Тәуелсіздікке 25 жыл «ТӘУЕЛСІЗДІК - ТІРЕГІМ». 18:10 «Назарбаев университеті». 18:30 «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!». 19:05 «СУРАЙЯ». Тх. 20:00 KAZNEWS 20:45 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:30 «АЙМАН&ШОЛПАН». Тх. 22:25 «КЕЛІН». Тх. 23:15 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:50 KAZNEWS 0:35 «SPORT.KZ» 1:00 «... Үй болу қиын». Тх. 1:35 Тәуелсіздікке 25 жыл. «Тәуелсіздік - тірегім» 1:50 «Дауа» 2:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 2:55 «Менің Қазақстаным!». 3:25 «Назарбаев университеті».

ХАБАР

7:00 Біздің үй 8:00 «Жаңа күн» 10:10 Мс «Шенячий патруль» 11:00 Тх. «Көрімдік» 11:30 «Экспедиция 25» 11:55 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 12:00 «Әр үйдің сыры басқа» Дід 12:30 «Магия кухни» 13:00 Дід Семейные мелодрамы» 14:00 Тс. «Центральная больница» 15:00 «Народный контроль» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 «Кызык times» 16:55 «Тағдыр тартысы» Дід 17:30 Егіз жүрек 18:00 Тх. «Пеленшеевтер» 18:30 «Біздің назарда» 18:45 «Жеңімпаз жолы» 19:00 Қорытынды жаңалықтар Негізінде 19:40 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 19:45 Тх. «Зәуре» 20:30 «Бетпе-бет» 21:00 Итоги дня По сути 21:40 Тс «Такая работа» 22:40 Тс. «Осколки» 23:35 «Көңіл толқыны» 0:05 «Тағдыр тартысы» Дід 0:40 Қорытынды жаңалықтар 1:20 «Әр үйдің сыры басқа» Дід 1:50 «Сотқа жеткізбей» Дід 2:20 Қорытынды жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕР-МЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ӘИЕЛ СЫРЫ...» 12:25 «ҚОС ЖҮРЕКТІҢ ЛҮПІЛІ». Тх 13:15 «ҒАЖАЙЫП ЖАН». Тх 14:05 «ӘН ДАРИЯ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:10 «ПРАВДА» 15:15 Кино«МАЖОР». 17:35 «РОДИНА» 18:50 Мелодрама«РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ҚОС ЖҮРЕКТІҢ ЛҮПІЛІ». Тх 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН». Тх 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «МАЖОР». 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:05 «ӘИЕЛ СЫРЫ...»

СЕЙСЕНБІ, 29 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 Концерт 7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «СИССИ». Мх. 10:25 «РОБОТКӨЛІК ПОЛИ». Мх. 10:40 «Айман&Шолпан». Тх. 11:35 «Айтуға оңай...» 12:25 «... Үй болу қиын». Тх. 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!». 14:10 «Келін». Тх. 15:00 «ӘИЕЛ БАҚЫТЫ». 16:40 «Сурайя». Тх. 17:30 KAZNEWS 17:50 «БЕЙНЕТ ТҮБІ - ЗЕЙНЕТ» 18:00 «ЖАСТАР ФОРУМЫ - ТЕЛЕДЕБАТ». 18:40 Тәуелсіздікке 25 жыл. «ТАБЫС СЫРЫ». 19:05 «СУРАЙЯ». Тх. 20:00 KAZNEWS 20:45 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:30 «АЙМАН&ШОЛПАН». Тх. 22:25 «КЕЛІН». Тх. 23:15 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:50 KAZNEWS 0:35 «... Үй болу қиын». Тх. 1:10 Тәуелсіздікке 25 жыл. «Табыс сыры». 1:30 «Қылмыс пен жаза» 1:55 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 2:25 Концерт

ХАБАР

7:00 Біздің үй 7:30 «Сотқа жеткізбей» Дід 8:00 «Жаңа күн» 10:10 Тх «Такая работа» 11:00 Тх. «Көрімдік» 11:25 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 11:30 «Экспедиция 25» 12:00 «Әр үйдің сыры басқа» Дід 12:30 «Магия кухни» 13:00 Тс. «Унесенные рейсом» 13:30 Тс. «Женский детектив» 14:00 Тс. «Центральная больница» 15:00 «Важно знать» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 «Кызык times» 16:30 «Тағдыр тартысы» Дід 17:05 «Біздің үй» 17:50 «Давайте говорите!» 18:30 «Білу маңызды» 18:45 «Жеңімпаз жолы» 19:00 Қорытынды жаңалықтар Негізінде 19:40 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 19:45 Тх. «Зәуре» 20:30 Тх. «Сапарластар хикаясы» 21:00 Итоги дня По сути 21:40 Тх «Такая работа» 22:30 Тс. «Осколки» 23:30 «Көңіл толқыны» 0:00 «Тағдыр тартысы» Дід 0:35 Қорытынды жаңалықтар 1:05 «Өмір сабақтары» Дід 1:35 «Әр үйдің сыры басқа» Дід 2:05 Қорытынды жаңалықтар 2:35 «Сотқа жеткізбей» Дід

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕР-МЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ӘИЕЛ СЫРЫ...» 12:25 «ҚОС ЖҮРЕКТІҢ ЛҮПІЛІ». Тх 13:15 «ҒАЖАЙЫП ЖАН». Тх 14:05 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:10 «ПРАВДА» 15:15 «МАЖОР». Заключительные серии 17:35 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:50 Мелодрама«РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ҚОС ЖҮРЕКТІҢ ЛҮПІЛІ». Тх 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН». Тх 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «МАЖОР». Заключительные серии 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:05 «ӘИЕЛ СЫРЫ...»

СӘРСЕНБІ, 30 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 Концерт 7:00

«ТАҢШОЛПАН». 10:00 «СИССИ». Мх. 10:25 «РОБОТКӨЛІК ПОЛИ». Мх. 10:40 «Айман&Шолпан». Тх. 11:35 «Айтуға оңай...» 12:25 «... Үй болу қиын». Тх. 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!». 14:10 «Келін». Тх. 15:00 «ӘИЕЛ БАҚЫТЫ». 16:40 «Сурайя». Тх. 17:30 KAZNEWS 17:55 «Ұлттық шоу» 18:15 Тәуелсіздікке 25 жыл. «Бағаналы орда - басты орда». 18:40 «АГРОБИЗНЕС» 19:05 «СУРАЙЯ». Тх. 95-бөлім 20:00 KAZNEWS 20:45 Тәуелсіздікке 25 жыл. «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:30 «АЙМАН&ШОЛПАН». Тх. 22:25 «КЕЛІН». Тх. 23:15 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:50 KAZNEWS 0:35 «... Үй болу қиын». Тх. 1:10 «Агробизнес» 1:35 Тәуелсіздікке 25 жыл. «Бағаналы орда - басты орда». 2:00 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 2:30 Концерт

ХАБАР

7:00 «Әсем әуен» 7:15 «Біздің үй» 8:00 «Жаңа күн» 10:10 Тс «Такая работа» 11:00 Тх. «Көрімдік» 11:25 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 11:30 «Экспедиция 25» 12:00 «Әр үйдің сыры басқа» Дід 12:30 «Магия кухни» 13:00 Тс. «Унесенные рейсом» 13:30 Тс. «Женский детектив» 14:00 Тс. «Центральная больница» 15:00 «Народный контроль» 15:15 !! «Пай-пай, 25» 16:30 «Тағдыр тартысы» Дід 17:00 «Біздің үй» 17:50 «Давайте говорите!» 18:30 «Біздің назарда» 18:45 «Жеңімпаз жолы» 19:00 Қорытынды жаңалықтар Негізінде 19:40 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 19:45 Тх. «Зәуре» 20:30 Тх. «Сапарластар хикаясы» 21:00 Итоги дня По сути 21:40 Тс «Такая работа» 22:30 Тс. «Осколки» 23:30 «Көңіл толқыны» 0:00 «Тағдыр тартысы» Дід 0:30 Қорытынды жаңалықтар 1:00 «Өмір сабақтары» Дід 1:30 «Әр үйдің сыры басқа» Дід 2:00 «Сотқа жеткізбей» Дід 2:30 Қорытынды жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕР-МЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ӘИЕЛ СЫРЫ...» 12:25 «ҚОС ЖҮРЕКТІҢ ЛҮПІЛІ». Тх 13:15 «ҒАЖАЙЫП ЖАН». Тх 14:05 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:10 «ПРАВДА» 15:15 Кино «ВО ИМЯ ЛЮБВИ» 17:35 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:50 Мелодрама«РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ҚОС ЖҮРЕКТІҢ ЛҮПІЛІ». Тх 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН». Тх 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «КЛУБ ВЕСЕЛЫХ И НАХОДЧИВЫХ 2016». 2:20 «П@УТИНА» 2:40 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:50 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:25 «ӘИЕЛ СЫРЫ...»

БЕЙСЕНБІ, 1 ЖЕЛТОҚСАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 Концерт 7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 ПРЕЗИДЕНТ ПАРАСАТЫ. 10:05 «ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ҚАЗАҚСТАН». 10:15 «Үздік әндер» 10:45 ПРЕЗИДЕНТ ПАРАСАТЫ. 10:50 Драма «Балалық шағымның аспаны» 12:50 ҚАЗАҚ КҮРЕСІ. «ЕУРАЗИЯ БАРЫСЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРІ. 19:00 «Үздік әндер» 19:45 «Әлем таныған Қазақстан». 19:55 ПРЕЗИДЕНТ ПАРАСАТЫ. 20:00 KAZNEWS 20:45 Тәуелсіздікке 25 жыл. «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:30 ПРЕЗИДЕНТ ПАРАСАТЫ. 21:35 «ӘЗІЛ ӘЛЕМІ» 23:35 «МУЗАРТ Live». 23:45 ПРЕЗИДЕНТ ПАРАСАТЫ. 23:50 Драма «Елбасы жолы: От-өзен» 1:25 KAZNEWS 2:10 Тәуелсіздікке 25 жыл «Президент парасаты». 2:35 Концерт

ХАБАР

7:00 Концерт «Сүйікті әндер» 7:30 Концерт 9:00 Мф «Альберт» 10:25 «Ұлытау улағаты» Дф 11:15 «Арманға жетелей бер, Астана» 13:00 Худ/ф. «Весна на Заречной улице» 14:15 «Тұлға. Елбасы. Тарих.» Концерт 15:30 Кино.«16 қыз» 17:15 Мюзикл. «Арман жолы» 18:30 Дф «Эпоха перемены» фильм «Нурсултан Назарбаев» 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:35 Негізінде 19:40 Тх. «Жұлдыздар тоғысқанда» 21:00 Итоги дня По сути 21:40 Форум молодежи 22:30 Тх. «Жұлдыздар тоғысқанда» 0:00 Концерт 1:10 Қорытынды жаңалықтар 1:50 Концерт

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 7:00 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОТ» 7:50 «ВЕРОНИКА МАРС» Тх 8:35 «П@УТИНА» 9:00 «ЛУЧШЕ ВСЕХ» 10:35 «ПЕРВЫЙ». Дф 12:00 «АСТАНА ДАУЫСЫ» 13:25 «ТОЙ БАЗАР» 14:25 «П@УТИНА+» 15:30 Кино «ДВА ИВАНА» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ҚОС ЖҮРЕКТІҢ ЛҮПІЛІ». Тх 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН». Тх 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «КЛУБ ВЕСЕЛЫХ И НАХОДЧИВЫХ 2016». 2:20 «П@УТИНА» 2:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:05 «АСТАНА ДАУЫСЫ»

ЖҰМА, 2 ЖЕЛТОҚСАН ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 Концерт 7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «МузАРТ Live». 10:15 «СИССИ». Мх. 10:40 «Айман&Шолпан». Тх. 11:35 «Айтуға оңай...» 12:25 «...Үй болу қиын». Тх. 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!». 14:10 «Келін». Тх. 15:00 «ӘИЕЛ БАҚЫТЫ». 16:40 «Сурайя». Тх. 17:30 KAZNEWS 17:55 «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ МУЗЕЙІ». 18:10 «КЕЛБЕТ» 18:40 «ЖАН ЖЫЛУЫ» 19:05 «СУРАЙЯ». Тх. 20:00 KAZNEWS 20:30 ПАРЛАМЕНТ 20:45 «ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС» 21:30 «СӘЛЕМ, ҚАЗАҚСТАН!» 22:55 «КЕЛІН». Тх. 23:45 «ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА» 0:05 KAZNEWS 0:35 Парламент 0:50 «...Үй болу қиын». Тх. 1:25 «Жан жылуы» 1:45 «Қоғамдық кеңес» 2:30 Концерт

ХАБАР

7:00 Біздің үй 8:00 «Жаңа күн» 10:10 Мс «Шенячий патруль» 11:00 Тх. «Көрімдік» 11:25 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 11:30 «Экспедиция 25» 12:00 «Әр үйдің сыры басқа» Дід 12:30 «Магия кухни» 13:00 Тс. «Унесенные рейсом» 13:30 Тс. «Женский детектив» 14:00 Тс. «Центральная больница» 15:00 «Важно знать» 15:15 «Пай-пай, 25» 16:25 «Тағдыр тартысы» Дід 17:00 «Өмір жолы» 17:45 «Компромат» 18:30 «Білу маңызды» 18:45 «Жеңімпаз жолы» 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:40 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 19:50 «Арнайы хабар» 20:30 Тх. «Сапарластар хикаясы» 21:00 Итоги дня 21:40 «Бюро расследований» 22:10 Мегахит . «Матч» 23:50 Концерт 1:30 «Әр үйдің сыры басқа» Дід 2:00 «Сотқа жеткізбей» Дід

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ӘИЕЛ СЫРЫ...» 6:45 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ӘИЕЛ СЫРЫ...» 12:25 «ҚОС ЖҮРЕКТІҢ ЛҮПІЛІ». Тх 13:15 «ҒАЖАЙЫП ЖАН». Тх 14:05 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:10 «ПРАВДА» 15:15 Кино «ЧЕТВЕРТЫЙ ПАССАЖИР» 17:25 «ЖДИ МЕНЯ». КАЗАХСТАН 18:40 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ҚОС ЖҮРЕКТІҢ ЛҮПІЛІ». Тх 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН». Тх 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «КЛУБУ ВЕСЕЛЫХ И НАХОДЧИВЫХ – 55 ЛЕТ». ЮБИЛЕЙНЫЙ ВЫПУСК 2:20 «П@УТИНА» 2:40 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:50 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:25 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 4:20 «ТОЙ ЗАКАЗ»

СЕНБІ, 3 ЖЕЛТОҚСАН ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 Концерт 8:15 «ДАРА МЕН ДОСТАРЫ». Мх. 9:00 «СЕНБІЛІК ТАҢ». 10:10 «МузАРТ Live». 11:55 «АС БОЛСЫН!» 12:35 «БАЛАПАН ЖҰЛДЫЗ». 13:40 «ОЙ-ТОЛҒАУ» 14:30 Фильм «Ертегіден келген қыз» 16:15 «ҮЗІЛМЕГЕН ҮМІТ» Тх18:45 «МузАРТ Live». 19:00 «ӨМІРДІҢ ӨЗІ НОВЕЛЛА». Тх. 20:00 KAZNEWS 20:35 «КӨҢІЛАШАР» 22:10 «МУЗАРТ» Концерт 0:00 Драма «Күншуақты Тоскана» 1:45 KAZNEWS 2:20 «Өмірдің өзі новелла». Тх. 4-бөлім. 3:05 Концерт

ХАБАР

7:00 «Қалжың қоржыны» 8:00 «Өзін-өзі тану» 8:10 «Продвопрос» 8:30 «Кызык times» 9:30 «Золотая середина» 10:10 Аспаздық бағдарлама «Сикырлы ас үй» 10:45 Мф. «Шенячий патруль» 11:15 Семейное кино. «Ласси» 13:00 Тх. «Сүйген жарым» 14:30 III Международ-ный конкурс артистов балета. Астана. 15:00 Шоу «Биле, Қазақстан!» 16:30 Дф «Эпоха перемены»фильм «Дэн Сяопин» 17:00 Концерт 18:30 «Ду-думан» 19:40 «Бенефис-шоу» 21:00 «7 күн» 22:00 Дф «Глава государства» 23:00 Мегахит. «Социальная сеть» 0:40 Дневник «Биле, Қазақстан!» 0:55 Тс «Дворец Абдин» 1:35 Тх «Әселдің құрбы-құрдастары» 2:35 «Әсем әуен»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 7:00 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОТ» 7:50 «ВЕРОНИКА МАРС» Тх 8:35 «П@УТИНА» 9:00 «СМАК» 9:40 Кино «ЛЮБОВЬ НА ЧЕТЫРЕХ КОЛЕСАХ» 11:40 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:00 «112. НЕДЕЛЯ» 12:30 «ВЕРОНИКА МАРС» Тх 13:25 «ТОЙ БАЗАР» 14:25 «П@УТИНА+» 15:30 Кино «ОТПЕЧАТОК ЛЮБВИ» 20:00 «ПЕРВАЯ ПРОГРАММА» 20:30 ПРЕМЬЕРА СЕ-ЗОНА. «ГОЛОС КАЗАХСТАНА» 22:15 «БАСТЫ БАҒДАРЛАМА» 22:45 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 0:00 «ЛЕДНИКОВЫЙ ПЕРИ-ОД». 2:30 «112. НЕДЕЛЯ» 2:50 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 3:50 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОТ» 4:35 «П@УТИНА»

ЖЕКЕНБІ, 4 ЖЕЛТОҚСАН ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 Концерт 7:40 «Әзіл әлемі» 9:05 «АҚСАУЫТ». 9:30 «БҮГІН ЖЕКЕНБІ» 11:15 «ДАРА ЖОЛ» 12:50 «Сәлем, Қазақстан!» 14:25 «Көңілашар» 16:00 Кино «ҮЗІЛМЕГЕН ҮМІТ» Тх 17:50 «ЖАЙДАРМАН» 20:00 «АПТА KZ» 21:00 «УНИВЕРСИАДА ҚАРСАҢЫНДА-2017» 21:10 Үздік әндер 22:00 «МУЗАРТ Live». 23:50 «Дара жол» 1:15 Фильм «Сұлтан Бейбарыс»

ХАБАР

7:00 «Қалжың қоржыны» 8:20 «Ас арқау» 8:45 «Самопознание» 8:55 «Айбын» 9:25 Дневник «Биле, Қазақстан!» 9:40 «Сикырлы ас үй» 10:15 «Я-чемпион» 10:45 «Тайны и судьбы великих казахов» 11:45 Мф «Шенячий патруль» 12:15 «Кино.»Путешествие к Рождественской звезде» 13:45 Тх. «Сүйген жарым» 15:15 «Ду-думан» 16:30 Дф «Эпоха перемены» фильм «Нурсултан Назарбаев» 17:00 «Экспедиция 25» 17:30 !! «Компромат» 18:30 «Кызык times» 19:45 «Биле, Қазақстан!» 21:00 «7 күн» 22:00 «Биле, Қазақстан!» ИТОГИ ГОЛО-СОВАНИЯ 22:30 «Пай-пай 25» 23:30 Мегахит. «В погоне за счастьем» 1:30 Тс «Дворец Абдин» 2:10 Тх «Әселдің құрбы-құрдастары»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 7:10 «ТОЙ ЗАКАЗ» 7:40 «ВЕРОНИКА МАРС» Тх 8:30 «П@УТИНА» 8:55 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ» 9:10 «ЗДОРОВЬЕ» 10:15 «ГОЛОС КАЗАХСТАНА» 12:00 «БАСТЫ БАҒДАРЛАМА» 12:30 «ВЕРОНИКА МАРС» Тх 13:35 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 15:00 «ОТКРЫТИЕ КИТАЯ» 15:45 Кино «ДОЧЬ ЗА ОЦА» 20:00 «АНАЛИТИКА» 21:00 «П@УТИНА+» 22:00 «ТОЙ БАЗАР» 23:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН». Тх 0:00 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ». СУПЕРСЕЗОН 2:45 «П@УТИНА+» 3:30 «ТОЙ БАЗАР» 4:15 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»

Жыр отауы

Тәуелсіздік – бабамның ұлы арманы

Жат табанын тигізбей далаларға,
Ұлан-ғайыр жер тастап балаларға,
Бар өмірін ат үстінде өткізген,
Қарыздармыз әрдайым бабаларға.

Ұрпағының алаңдап ертеңіне,
Ерлігімен айналған ертегіге.
Елдік үшін күрескен бабалардың,
Ерлік даңқын өлең ғып шертемін де.

Жау меселін арттырып торықпаған,
Елі үшін өлімнен де қорықпаған.
Қазақ елі, бүгінде Тәуелсізбіз,
Бабаларым қан көшкен жорықтардан!

Азаматқа абырой өпермеген,
Қыр астында жатады қатер деген.
Бекзат туған бабаларым өтті өмірдең,
Ел жер үшін алысып жат елменен.

Бағалайтын халқының сүйенгенін,
Бағалайтын даламның сүйем жерін.
Сан ғасырлық ерліктің айғағындай,
Аман-есен үйелмең, сүйелменің.

Баба-ерлік жолы ма ең, даңғылы ма ең,
Санасында ұрпақтың жаңғырып ең.
Найза тескен нар кеуде, жалын жүрек,
Ұсынды ұрпағына таңды күлген.

Тәуелсіздік – бабамның ұлы арманы,
Ақ түменен серттескен ұрандары.
Біліп қойғың, бүгінгі ұрпақ, келешек ел,
Егемендік бізге оңай құралмады.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

Солтүстік Қазақстан

Туған жерім – Солтүстік Қазақстан,
Түрлі ұлт мекен етіп, қоныс тапқан.
Елімнің гүлдеуіне алға басып,
Әрқайсысы еңбегімен үлес қосқан.

Солтүстік Қазақстан – Мағжан жері,
Сөздерден түйін түйген Сәбит елі.
Солтүстікте туып-өскен Мүсірепов,
Жазушы, профессор, Еңбек Ері.

Үкілі Ыбырай әнімен Гәккулеткең,
Кең далаға домбыра үні тарап кеткен.
Ыбекеңнің қалдырған «Қалдырғаны»,
Бұл күнде ән еркесі, хит боп кеткен.

Қазақтың мақтанышы мандайдағы,
Жез киігі – сұлуы жез қамзолдағы.
Қайраткер, әрі ақын, әрі сазгер,
Көкімбектің туған жері Қожым-дағы.

Солтүстігім танылды Көкімбекпен,
Қаламынан үзілтіп маржан төккен.
Солтүстіктің азаматы бола тұра,
Жүріп өткен ізіне гүлін сепкен.

Қазақстан көгінде жарық жұлдыз,
Шоқан Шыңғысұлы – дара жұлдыз.
Төрткүл дүние тамасын білімдіні,
Сырымбеттің тумасы деп айта аламыз.

Солтүстіктің Шоқанмен туы биік,
Тұрғанда жер жаһан ғалымға басын иіп.
«Айғаным» мұражайы сыр шертеді,
Шоқанның мұраларын қойған жиып.

Солтүстіктен Әуелбеков Еркін Нұржанұлы,
Жаңахөл (Фрунзе) туған жері.
Адалдық пен тазалықтың эталоны,
Қазақтың біртуар

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	24/11 БС	25/11 ЖМ	26/11 СН	27/11 ЖК	28/11 ДС	29/11 СС	30/11 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	-8 -12	-10 -12	-6 -10	-7 -11	-6 -9	-4 -4	-5 -6
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		734	732	730	735	737	736	730
Желдің бағыты		О-Б	О-Б	О-Б	О-Б	О-Б	О-Б	О-Б
Желдің шапшаңдығы		6	7	6	8	8	6	5

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Еңбек заңнамасын түсіндіру Ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес

Қазақстан Республикасының нақты дамуындағы басты мақсаттарының бірі ретінде өндірістегі еңбек қауіпсіздігін қорғауға, бақылауды нығайтуға басым көңіл аударылады.

2016 жылы 10 айдың ішінде Солтүстік Қазақстан облысы мемкелері мен ұйымдарында жұмыс барысында 60-тан аса жазатайым жағдай болды, онда 66 адам зардап шекті. Оның ішінде, 8 өлім жағдайы, 17 жазатайым оқиға дене жарақаттарының ауыр дәрежесі, 12 жазатайым оқиға дене жарақаттарының орташа дәрежесі, 29 жазатайым оқиға дене жарақаттарының жеңіл дәрежесі.

Жазатайым жағдайлардың ең үлкен бөлігі ауылшаруашылығында, құрылыс және энергетика мекемелерінде болғанын атап өту қажет.

Негізгі себептері:

Өндірістік жұмыстың қанағаттандырылықсыз ұйымдастырылуы;

Оқытудың жеткіліксіздігі;

Өндірістік және еңбек тәртібін бұзу.

Барлық жазатайым жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тексерілді.

Өндірістік жарақаттанушылықты азайту мақсатында, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексімен мекеме мен ұйымдарда қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңестерін құру қарастырылған.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес жұмыс беруші мен жұмыскерлердің еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырады, сондай-ақ техникалық еңбек инспекторларының жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбектің

қорғалуына тексеру жүргізуін ұйымдастырады.

Жұмыс берушінің бастамасы бойынша және (немесе) жұмыскерлердің не олардың өкілдерінің бастамасы бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылады. Оның құрамына техникалық еңбек инспекторларын қоса алғанда, жұмыс берушінің өкілдері, жұмыскерлердің өкілдері теле-тендік негізде кіреді.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың кандидатураларын кәсіптік одақ, ал ол болмаған кезде – жұмыскерлердің жалпы жиналысына кемінде үштен екісі қатысқан кезде көпшілік дауыспен ұйымның жұмыскерлері арасынан жұмыскерлердің жалпы жиналысы ұсынады.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен бекітіледі. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың бақылауды жүзеге асыру тәртібі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен айқындалады.

Қолданыстағы әрекет етуші заң нормаларының еңбек қатынастары, еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау салалары бойынша сіздер Петропавл қаласы, Абай к-сі 64 үй мекен- жайында орналасқан ММ «СҚО Мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасына» келіп ақпарат ала аласыздар. Байланыс телефондары 46-01-94: 36-17-86; 46-37-73; 50-33-42.

Ресми интернет-қоры қызмет жасайды Басқарма git.gov.sko.kz

Г. МЫРЗАҚАНОВА,
ММ «СҚО Мемлекеттік еңбек инспекциясы
басқармасының» мемлекеттік еңбек инспекторы.

Әріптес сөзі

Ұстаз деген атқа лайық Жан

Қоңырат Нұрбану Лобанов орта мектебінде он жылдан бері қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеп келеді. Әріптестер және оқушылар арасында беделді де, сыйлы.

Өзінің түрлі ақпаратқа құштарлығы, сезімділігі, үнемі өзін-өзі жетілдіру ынтасы қызығарлық. Қазақ тілі сабақтарын оқушылар аса күтеді, өйткені бұл мұғалім әр сабағына дайындалып, көп ізденеді. Сабақтары қызықты да тартымды, көбіне халық педагогикасының элементтерін қолданғанды ұнатады. Нұрбану мұғалімнің өмірлік ұстанымы әр іске белсенділікпен қарап, сол істі жауапкершілікпен, жоғары деңгейде аяқтау. Оқушыларының патриоттық сезімдерін дамытып, болашақта Қазақстан елін көркейту,

гүлдендіру жолында өздерінің зор үлестерін қосады деп үміттенеді.

Өзі тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатып жүрген шәкірттерінің әрқайсысы Тәуелсіз Қазақстанымыздың беткеуштар азаматтары мен азаматшалары болады деген зор сенімі Нұрбану мұғалімнің өз жұмысына деген махаббатын үдетіп, балалар алдындағы зор жауапкершілікті сезінуіне бастайды.

Алдағы уақытта біз де әріптесімізге білімді де, алғыор шәкірттер тәрбиелеп, жұмысыңыз жемісті болып, тек биіктерден көріне беріңіз дегіміз келеді!

Әлия КӘРІМОВА,
Лобанов ОМ директорының тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары.

Тұрғындарға жадынама

Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы халықты ақпараттандыру мақсатында, террористік қауіптіліктің бірқалыпты («сары»), жоғары («қызыл») және шекті («қызыл») деңгейлері орнатылуы мүмкін.

Бірқалыпты деңгейде келесі іс-әрекеттер ұсынылады:

Қоғамдық орындарда болған кезде айналадағылардың әрекеттерінің оғаштығына және сыртқы түріне, иесіз күдікті заттар мен автокөліктерге назар аудару.

Барлық күдікті жағдайлар жөнінде құқық қорғау органдарына хабарлау.

Полиция тарапынан белсенді көңілге түсіністік білдіріп, оларға көмек көрсету.

Күдікті заттарды уақытша сақтау және тасымалдау үшін қабылдамау.

Күдікті заттарға жақындауға, қозғалтуға және ашуға тыйым салынады.

Жанұядағы көрілер мен балаларға барлық табылған иесіз заттар олардың өміріне қауіп төндіретіндігін түсіндіру.

Облыс аймағында орын алған оқиғалар жөнінде хабардар болу.

Жоғары деңгейде ұсынылады:

Халық шоғырланатын орындарға баруды шектеу.

Полиция қызметкерлерінің талабы бойынша жеке куәлікті немесе басқа да құжаттарды ұсыну.

Қоғамдық ғимараттарда болғанда ерт кезінде

қолданатын қосалқы шығу есіктерінің және көрсеткіштердің орналасуына көңіл аудару.

Тұрғын үйлердің маңындағы бейтаныс адамдар мен автокөліктерге көңіл аудару.

Аса пішінді заттарды өзімен бірге тасымалдаудан бас тарту.

Жанұя мүшелерімен төтенше жағдай туындағанда іс-әрекеттер жоспарын талқылау.

Шекті деңгейде бірқалыпты және жоғары деңгейлерде атқарылатын іс-әрекеттерден басқа ұсыналады:

Тұрып жатқан үйдің тұрғындарының кезекшілігін ұйымдастыру, бөтен адамдар мен автокөліктердің пайда болуына көңіл бөлу.

Террористік қауіптіліктің деңгейі орнатылған аудандарға жол жүруді кейінге ауыстыру.

Эвакуацияға дайындалу.

Терроризм актісі жасалған орында дүрбелеңдікке берілмеу, қызығушылық танытпау, бейне және фото түсірілім жүргізбеу.

Теледидар немесе радиоқабылдағышты үнемі қосылған күйі ұстау.

Терроризм актісінің қауіпі жөнінде жалған ақпаратты таратпау.

* * *

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 273 бабымен терроризм актісі туралы көрнеу жалған хабарлау үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған, қылмыс жасаған тұлға алты жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Құттықтаймыз!



Сырымбет ауылының тұрғыны, біздер үшін түн ұйқысые төрт бөліп, ақ сүт беріп өсірген аяулы анамыз, мейірімді әжеміз **Бейсембаева Күлбағиала Абуғалиқызы** 21 қарашада 70 жасқа толады.

Құтты болсын осы келген жасыңыз,
Қуат беріп жүзден әрі асыңыз!
Бұл өмірдің қызығына көнеліп,
Қуаныштан көл-көсір боп тасыңыз!
Игі тілекпен: жұбайы Мереке, балалары, немерелері, шөбересі Самира.

* * *

Асыл жар, аяулы ана, ақылман өне, ардақты апа Дәуқара ауылының тұрғыны **Нұрпейісова Күләш Ілесбекқызын** 24 қарашадағы туған күнімен және зейнеткерлікке шығуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Арайланып атқан әр күніңіз,
Жарқырап тұр өмір дегеніңіз!
Ақыл мен парасаттан құралған,
Жарқын-жарқын шыға берсін үніңіз!
Бейнеті көп бекеттерден өткенсіз,
Еңбектің де зейнетін бір көріңіз.
Шат-шадыман шалқып бірге жүрейік,
Күншығыстан ата бер деп күніміз!
Игі тілекпен: жұбайы Алданыш, балалары Ардақ, Алтын, Айқын, келіні Гүлнұр, жиендері Айдана, Гүлдана.

* * *

Дәуқара ауылдық кітапханасы мен мектеп кітапханасында көп жылдар бойы елеулі еңбек еткен **Нұрпейісова Күләш Ілесқызы** осынау қараша айының 24-жұлдызында зейнеткерлік жас 58-ге толмақшы. Мерейтой иесіне зор денсаулық, мол қуаныш тілей отырып:

Алла жазып 100-ге келсін жасыңыз,
Аман болсын әркез газиз басыңыз.
Немере мен шөбереңіз көп болып,
Аққан судай қуаныштан тасыңыз! дегіміз келеді.

Ігі тілекпен: Дәуқара орта мектебінің ұжымы.

* * *

Ұзақ жылдар бойы кітапхана саласында қызмет еткен Дәуқара ауылының тұрғыны **Күләш Ілесбекқызын** қарашаның 24 жұлдызындағы мерейлі мерейтойы – зейнет жасына жетуімен құттықтаймын!

Отбасыңызға берекелі бірлік пен бақыт құсы қонып, бала-шағаңыздың қызығына көнелер алдағы күндердің амандығын берсін дей отыра, мына жыр жолдарын арнаймын

Алғы күннен күтер өркім жақсы үміт,
Келе берсін сізге ылаи бақ күліп!
Шаттықпен көріп таңның арайын,
Жаратушы төксін игі жақсылық!
Игі тілекпен: сіңілісі Мақпал

ҚҰЖАТТАРҒА ШҰҒЫП СУРЕТТЕР

ескі фотосуреттерді
қалпына келтіру,
басып шығару, және қара-ақ
түсті фотосуреттерді
өңдеу

Біздің мекенжайымыз:
Конституция көшесі, 72 үй, “Бланк” дүкені,
телефоны: 79-0-04

“Айыртау–Информ” ЖШС

ОФСЕТТІК,
ГАЗЕТТІК.

қағаздар

сатады

Тел. 79-0-04

Володар көмір базасы

“УМАР.KZ” ЖШС

ҚАРА-ЖЫРА

- сұрыптық;
- тұтынушылық;
- қарапайым.

ҚАРАҒАНДЫ
КӨМІРЛЕРІН

сатады

Тел. 93-5-50.

«ҚАУЫРТ ЖЕЛ»
110

- егер сізге терроризм актілерін дайындау, қаржыландыру және ұйымдастыру туралы;
- радикалды көзқарастағы дәстүрлі емес діни ағымдарды жақтаушыларды жалдау, қаруландыру, оқыту фактілері туралы;
- терроризм және діни экстремизм идеологиясын насихаттау және тарату туралы мәлім болса

ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.